



ЗАҢ КЕҢЕСТЕРІ

N&P Назханов
және Серіктестері

СҰРАҚ №56:

Мен маршрутта жұмыс істеп жүрген автобусты сатып жібердім, ақша алған кезде доллармен қолхат жазып бердім. Сатып алушы автобусты 6 ай бойы пайдаланып, пайда көріп жүрді, бірақ кейін сотқа жүгініп, келісімшартты жарамсыз деп таныды. ҚР Азаматтық кодексінің 157-бабының 3-тармағына сәйкес, келісімшарт жарамсыз деп танылған жағдайда, әр тарап екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтаруға, ал заттай қайтару мүмкін болмаған жағдайда ақшалай өтеуге міндетті.

Автобусты қайтарған кезде ол бұзылған болып шықты, қозғалтқыштың нөмірі техпаспорттағы нөмірмен сәйкес келмейді. Маршруттан да айырылып қалдық, себебі сатып алушы автобусты алғаннан кейін жалдау ақысын төлеуді тоқтатты. Сот шешімі бойынша бізге тек чектер бойынша шығындарымыз ғана қайтарылды, ал қалғанын дәлелденбеді деп таныды, дегенмен барлық құжаттар мен куәгерлердің айғақтары бар еді. Бізге бұдан әрі не істеу керек?

ЖАУАП:


Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 401-бабына сәйкес, заңды күшіне енбеген бірінші саты сотының шешімдері апелляциялық тәртіпте шағымдануға жатады. Сіз сот шешіміне жоғары тұрған инстанцияға апелляциялық шағым беруге құқылысыз. Апелляциялық шағым бойынша апелляциялық саты соты істің материалдары мен қосымша ұсынылған дәлелдемелерді негізге ала отырып, іс бойынша нақты мән-жайлардың дұрыс анықталғанын, материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу заң нормаларының сақталуын тексереді. Апелляциялық саты соты бірінші саты сотының шешімін өзгертуге, бірінші саты сотының шешімін күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға, шешімді күшін жоюға және істі бірінші саты сотына жаңа қарауға жіберуге құқылы, егер материалдық немесе процессуалдық құқық нормаларының бұзылуы анықталса.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 434-бабына сәйкес, сот актілері заңды күшіне енгеннен кейін, егер апелляциялық шағым беру тәртібі сақталған болса, сондай-ақ Азаматтық іс жүргізу кодексінің 28-1-бабының ережелері бойынша қаралған істер бойынша шығарылған сот актілері Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында кассациялық тәртіпте қайта қаралуы мүмкін.



СҰРАҚ №57:

Ажырасып, жұбайымыз екеуіміздің мүлігіміз бөлінді. мүлік бөлінді. Сот шешімі бойынша (2018 жылдың сәуірінде заңды күшіне енген) әйелім менің пәтердегі үлесімнен бас тартуым үшін өтемақы төлеуге міндеттелді. Алайда, маусым айында (сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін) пәтерді туысының атына сыйға тарту шартымен ресімдеп, өтемақыны төлемей отыр! Оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға бола ма, қай бап бойынша? Сыйға тарту шартын жарамсыз деп тануға бола ма?



ЖАУАП:

Егер бұрынғы әйеліңіздің әрекеттерінде қылмыс белгілері болса, атап айтқанда, заңды күшіне енген сот шешімдерін қасақана орындамау немесе олардың орындалуына кедергі келтіру белгілері байқалса, оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін тиісті органға өтініш беруге болады. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 430-бабына сәйкес, «сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау» бойынша жауапқа тарту қарастырылған.

Сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану мүмкіндігі келесі негіздер бойынша қарастырылуы мүмкін.


Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 158-бабының 3-тармағына сәйкес, мәміленің бір қатысушысы оны міндеттемені орындаудан немесе үшінші тұлғаның алдындағы жауапкершіліктен жалтару ниетімен жасаған жағдайда, ал екінші қатысушы бұл ниет туралы білген немесе білуге тиіс болған жағдайда, мәміле жарамсыз деп танылады. Қызығушылық танытқан тарап мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Сонымен қатар, мәмілені жарамсыз деп тану кезінде бұл мәміленің жалған (мнимый) екендігін дәлелдеу мәселесі қойылуы мүмкін, бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 160-бабының 1-тармағына сәйкес қарастырылады.



СҰРАҚ №58:


Жергілікті ЖШС-нің таратылуы туралы хабарландыру облыстық және аймақтық БАҚ-та жарияланған жағдайда, оның заңдық күші бола ма?





СҰРАҚ №59:


Жеке тұлға өзінің пәтеріндегі бөлмені жеке кәсіпкерге халыққа қызмет көрсету үшін жалға бере ала ма? Ол үшін жалдау шартын жасау керек пе, егер қажет болса, бұл шартты нотариус рәсімдей ала ма?





ЖАУАП:


Меншік құқығы – меншік иесінің өз мүлкін өз қалауымен иеленуге, пайдалануға және билік етуге заңнамалық актілермен танылатын және қорғалатын құқығы. Жалдау шартын жасау сіздің құқықтарыңызды қорғау және тараптардың шарт талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл шартты нотариус рәсімдей алады.





СҰРАҚ №60:

Мен 10 жылдан бері тегіс ұңғылы аңшы мылтығына иемін, аңшылық билеті бар. Нарезді мылтық алғым келеді, оны қалай алуға болатынын айтып берсеңіз. Қайда жүгіну керек және қандай құжаттар жинау қажет екенін нақтырақ түсіндіріп берсеңіз.



ЖАУАП:

Сізге тұрғылықты жеріңіз бойынша полиция басқармасына жүгіну қажет. Өтініш беру үшін сізге психоневрологиялық диспансерден және наркологиялық диспансерден анықтамалар, аңшылық билеті, мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек және басқа да құжаттар қажет. Қосымша мәліметтерді рұқсат беру жүйесінің қызметкерлерінен білуге болады.